

## Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫНЫҢ «ТАР КЕЗЕҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚАҺАРМАН БЕЙНЕСІ

А.Е. Айтбаева<sup>1</sup>, Б. Қожжекеева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доцент, ф.ғ.к., қауымд. профессор

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда

<sup>2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,

email: Bekzada61.2018@gmail.com

Мақалада XVIII ғасырдағы Елек пен Жайық бойын мекендеген қазақ халқының хал-жағдайы мен ауыр тұрмысы суреттелген Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы туралы айтылады. Елдің жағдайына алаңдап аянбай күрес жүргізген Сырым батыр бейнесін толықтыратын тарихи деректер келтіріліп романдағы оқиғалардың ақиқаттығы зерттеліп, зерделенеді. Патшалық Ресейге бағынып, оның отарына айналған қазақ халқының тар кезеңге тап болғаны тарихи негізде нанымды суреттелген. Батыр бейнесін сомдауда өзіне дейін жазылған шығармаларды назарда ұстап қана қоймай, батыр өміріне қатысты негізгі оқиғаларды іріктеп алуға ден қойған жазушының шеберлік қыры мақалада ашық көрініс тапқан. Қазақ деген халықтың ел айтып жүргендей көшпелі, жабайы халық емес екендігін басқа халықтардың да мойындаған мысалдар арқылы көптеп келтіріледі.

*Түйін сөздер: патшалық империя, халық, жазушы, дала өркениеті, жауынгер, қазақ*

Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романына арқау болған - XVIII ғасырдағы белгілі өңірдегі тарихи оқиғалар. Бұл тұста Елек пен Жайық бойын мекендеген қазақ халқы ата-бабасы мекен еткен атақоныстарынан ығыстырылып, екі жақты талауға түскені тарихи мәліметтерден белгілі.

Осы кездегі елдің хал-жағдайы мен ауыр тұрмысы халық ақындарының Сырым батыр туралы жырларында да кеңінен жырланғаны мәлім болса, жазушы да осы шындыққа аса көңіл бөлгені романдан менмұндамайды. Мәселен, мына тарихи дерек Сырым бейнесін толықтыруға қызмет етіп тұрғаны белгілі. «Маған патша тарапынан толып жатқан сыйлықтар жіберілсе де және одан менің атыма тыныштық орнат деген арнаулы жарлық келсе де, бұл туралы генералдан, бір емес талай жарлық келіп отырса да, мен осының бәріне қарамастан, орыстарға сенбеймін. Бұдан бұрынғы үш жылдарда ұстап алған балаларымызды қайтарып бермесе және сұмырай Даниланы (яғни Донсковты – М.В.) қызмет орнынан алмаса олардан қандай жақсылық күтуге болады» [1; 11].

Көріп отырғанымыздай ол ел мен жер мәселесі тұрған жерде ешнәрседен аянбайды да, қорықпайды да.

Романдағы оқиға Ресейдің астанасы Санкт-Петербургтегі тарихи оқиғадан басталады. Оқырман ә, дегенде II Екатеринаның сән-салтанаты келіскен патша сарайындағы қабылдауына тап болады. Жазушы патшайымның қабылдауына жиналған әрбір кейіпкеріне тәптіштеп сипаттама береді. Бұдан алғаш кездескен кейіпкерлердің барлығы дерлік алдағы негізгі оқиғаға тікелей араласатын жандар болғандықтан автор олар туралы толыққанды мәлімет беруге тырысқаны байқалады. Мәселен, мына үзіндіге үңіліп көрелік: «Императрица бұларды Петр ағзамның аруағына бағышталған әйгілі қызылқүрең залда қабылдайтын болған екен. Барон мұны іштей ырым ғып, жақсылыққа жорыды. Өйткені, басқасын былай қойғанда, колонналарының өзі аршыған жұмыртқадай кіршіксіз ақ мәрмәрден тұрғызылып, қабырғаларына қан түстес күреңқызыл барқыт тұтылған; ал төбесіндегі әлкей-күлекейлері мен әшекейлі айшықтары кіріп келгенінде көзінді тұндыратын бұл залда, – әйгілі Петр ағзамның залында – көп аса кісі қабылдана бермейтін. Сондықтан, осы залда қабылдауды барон ерекше ықылас-пейілдің белгісіндей көрді» [2]. Сән-салтанаты келіскен сарайды мұқият суреттеуге себеп болған нәрсе – ол қазақ халқының болашақ тағдыры. Жазушы осында жиналған әрбір кейіпкердің қазақ тағдырына тікелей араласатын билік иелері екенін назарда ұстап отырған.

Мәселен, Мемлекеттік әскери коллегия президенті Григорий Александрович Потемкин мен оның қабылханасына (аудиенциясында) келген генерал-майор Осип Андреевич Игельстром мансаптарының өзі-ақ олардың атқаратын қызметтерін айғақтап тұрғандай. Жазушы бұл оқиғаның 1785 жылы өткенін нақты көрсету арқылы шығарманың тарихилығына назар аудартып отыр. Ал, Сыртқы істер коллегиясының екінші басшысы Александр Андреевич Безбородкоға берілген: «Иә-ә... патшайым анамыздың оған шексіз сенетіндігі соншалық, граф Безбородко қызметке ұсынған адам өтпей қалған емес. Өзі де сақ кісі ғой, қолына алған әрбір ісін жеті рет өлшеп барып, бір-ақ кеседі» [2;12] – деген сипаттама оқырманға ол туралы толыққанды мәлімет береді. Әрбір бастаған істі «жеті

өлшеп, бір кес» деп түсіндіретін қазақ үшін Безбородконың сауысқаннан сақ қылығының өзі-ақ ол туралы көп сырдан хабар беріп тұрғандай. Ендеше осы аталған шен-шекпен иелері Қазақстанның батыс өңірінде өтетін тарихи оқиғаларға тікелей араласатындығы дау туғызбаса керек. Себебі, бұл – XVIII ғасырдың соңы қазақ тағдырының шырғалаңға түскен кезі болатын. Жазушы аталған романда Елек пен Жайық бойында қазақтардың тығырыққа тірелуін олардың ата-қонысынан айырылғандығымен нанымды суреттеген.

Көркем шығармаға негіз болған уақыт пен сол уақытта өтіп жатқан оқиғаның үндестігін тарихи мәліметтер толықтырып отырады. Бұл кезде қазақтар жан-жақты талауға түсіп, тығырыққа тірелгені тарихтан белгілі. Казак-орыстар, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының кезек шабуылынан тұралаған халықтың тығырықтан шығар жолы қалмаған да еді. Талауға түскен халықтың аянышты тұрмысы Нұралы ханның өзін тығырыққа тірегені белгілі. «Қазақстан тарихында» хандықтың ыдырауы Нұралы ханның кемшілігі, оның тәжірибесінің саяздығы ретінде түсіндіріледі. Алайда 1822 жылы Бірінші Александр патша «Сібір қырғыздарының уставын» жариялағаны белгілі. Сол уставта:

1. Қазақ елінде бұдан былай «Болыстарды сұлтандар басқарады;
2. Болыстарды «округтерге билік жүргізетін сұлтан сайлайды;
3. «Сұлтан атағы атадан балаға мұра боп қалады» [3; 401-402] – деп көрсетілген.

Міне, ел басқару жүйесіндегі осындай жоғарыдан басқару, яғни отаршыл империяның қол астындағы халықты «бөліп ал да, билей бер» деген саясатының негізінде жасалғандығы анық. Олар үшін қазақ хандығын құлату – мемлекетті жою еді.

Жазушы осындай сәтте елді тығырықтан алып шыққан Сырым батырдың бейнесін жан-жақты сомдау үшін оның тек батыр емес, «сегіз қырлы, бір сырлы» жан болғанын назарда ұстап отырған. Осындай мақсатпен романда оның билік шешімдеріне көбірек көңіл аударылған. Ол жөнінде әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуенов былай дейді: «Тар кезең» романының басты идеясы – Сырымның осы би ретіндегі образында жинақталған. Бұл бидің ел басқарудың жаңа, тарихта бұрын-соңды кездеспеген тәсілін ойлап тапқаны – тарихи факт» [4].

Сырым батырдың Кіші жүз жұртына сенімділігі мен беделі туралы Орынбордың генерал-губернаторы Игельстром да 1789 жылы 10 мамырда Екатерина II патшаға жолдаған түсінігінде: «Бүкіл Ордада одан атақты, одан артық старшина жоқ... – дейді Игельстром. Сырымның артықшылығы көп. Бүкіл Орда оның аузына қарап, айтқанын істейді деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, жиындарда Сырым не ұсынса, Орда, халық оған сенеді де орындайды. Осыған қарап, оны Ордадан алып, тұтқынға ұстау пайдалы бола ма, жоқ па, ол мәселені Ұлы мәртебелі император, сіздің көрегендігіңізге қалдырамын» [2] – деген болатын.

Міне, осындай тарихи деректерге сүйенген жазушы жалаң баяндаудан аулақ. Оның басты себебі – Сырымның өміріне қатысты тарихи мағлұматтардың көптеп сақталуы. Еліміз егемендік алған соң осындай тарихи құжаттарды іздестіруге, оны ғылым мен әдебиетте еркін қолдануға мүмкіндік туды. Міне, осы мүмкіндікті тиімді қолданған жазушы батыр бейнесін сомдауда өзіне дейін жазылған шығармаларды назарда ұстап қана қоймай, батыр өміріне қатысты негізгі оқиғаларды іріктеп алуға ден қойған. Осы оқиғалардың нақтылығы мен деректілігі жөнінде тарихи романдарды тыңғылықты зерттеп жүрген әдебиеттанушы ғалым Г.Орда былай дейді: «Шығарманың тарихилығын арттырып тұрған тарихи құжаттар десек, жазушы 1749 жылғы 6 қарашадағы, 1760 жылғы 18 шілдедегі, 1776 жылғы 25 маусымдағы, 1779 жылғы 4 қазандағы, 1783 жылғы 3 шілдедегі жарлықтардан үзіндіні орынды келтірген» [5].

Бірінші тарауға негіз болған оқиға Санкт-Петербургте өткенмен оның қазақ халқына тікелей қатысты екендігін жазушы Игельстромның ұсыныс-тілектері арқылы растауға тырысқан. Ол Уфа мен Сібір әкімшілік аймағының наместнигі, генерал-поручик Аким Иванович Апухтиннің орнына баратын болғандықтан біріншіден, өзіне дейінгі жарлықтар мен қарарлармен жақынырақ танысу керектігін, яғни тарихи ахуалдың қандай екендігіне көңіл аударады.

Екіншіден, баратын елі туралы толыққанды мәлімет алу керек. Бөтен елге, бөтен жерге барғанда оларды басқаратын адамның олар туралы білуі қажет. Міне, жаңа басшының көздеген осындай мақсаттары оның алдында үлкен міндеттердің тұрғанын түсіндіреді. Құжаттарды ақтарған сайын Урал шекара бекетіндегі елмен жақынырақ тілтабысу, олардың мақсат-тілектеріне құлақ түру қажеттілігі өзінен-өзі айқындала түседі. Осыны жазушы кейіпкердің: «шайқаса-шайқаса шаршаған күннің өзінде, арқа тұтып келген алып елден тауфих таба алмай түңілген жұрт тілі, ділі, діні жақын аржақтағы Орта Азия хандықтарына қарай ауа көшіп кетсе де, бізге жақсы бола ма екен?», – деген ойына сыйғызған.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ елін отаршыл империяның мойындай бастағандығы. Ыждағаттылықтың арқасында 1751 жылдың 29 қаңтарындағы сауда-саттықты жолға қою

мақсатымен жасалған Неплюев пен Тевкелев жобаларының өмір тәжірибесімен ұштастырылмағандығы. Жоба қағаз жүзінде қалған да оны орындаушылар жобаны өмірдегі іс-тәжірибеге асырмаған. Жазушы осындай ұсақ детальдарға мән беру арқылы қазақ елінің тығырыққа тірелген күйінің себеп-салдарын ашуға ден қойған.

Осындай мысалдың бірі – Польша жерінде жүрген инфантерия генералы Игельстромның Императрицаның қабылдауында болып, өзінің ұсыныстарын айтуы. Патшайымға 1775, 1784 жылғы Ережелермен жақынырақ танысқандығы, алайда осында жазылған заңдар мен үкімдердің дұрыс орындалмағандығы туралы пікірінің өтімді болғандығы нақты деректерге сүйенгендігінен көрінсе, мұның өзі оған деген сенімнің арта түсетіндігін байқатады. Игельстромның пікірінше саудасаттықты сол шекаралардың түбіне апару керектігі. Ал Императрицаның: – Қай түкпірде, қандай қиянда жүрсеңіздер де, Ұлы Россия, орыс халқы, Россия тәжі мен тағы Отан алдында еңбегі адал ұлдарының қызметін ешқашан ұмытқан емес, барон мырза! Өлі күнге құлқы беймәлім, мінезі әрпіл-тәрпіл мынау басы асау қырғыз-қайсақ жұртын жөнге салып, күллі Ресейге ортақ Заң жолына бейімдей алсаңыз, сөйтіп оларға да тәртіп пен тыныштық орната алсаңыз, Ұлы Россияға сіңірген ұлық еңбегіңіз ескерусіз қалмайтынына бек сене беріңіз, – деген сөзі Игельстромға деген үлкен міндетті танытуға қызмет етеді.

Осылайша патшалық империяға бағынғандарына жарты ғасыр болған қазақ халқының олардың заңдарына бағынбай келе жатқандығын байқатса, ол халықтың да тегін емес екендігі белгілі. Міне, жазушының да алдына қойған мақсаты – осы. Ол дала өркениетін қабылдаған жауынгер қазақ халқының сан ғасырлардан бері қалыптасқан өздерінің ата заңы бар, олар сол заңға ғана бағынады. Оларды күштеп, зорлап айтқаныңа жүргізе алмайсың дегенге саяды.

Кезінде хан көшіне шабуыл жасаған атаман Чагановтың өзін тізгіндеп тезге салған Сырым патша үкіметі үшін де осал жау емес. Аңыз әңгімелер мен тарихи жырларда жағымды кейіпкерлерді асыра суреттеу басым болса, романда әрбір кейіпкердің ет пен сүйектен жаралған екі аяқты пенде екендігіне көзіміз жетеді. Ақ патшаның атаманын Жайық қалашығына жеткізбей тұтқындайтын Байбақты Сырымның ержүрек батырлығы оны алыс жерге тұтқынға сатып жібергендігімен толыға түседі. Осы сотқарлығы үшін ол кезінде патша ағзамның тас түрмесінде төрт ай отырып та шыққан. Бұлардың айтуына қарағанда Сырым баскесер қарақшы тәрізді ой қалдырады. Ал тарихи құжаттар оның әлсізге тізе батыратын әумесерлігін жоққа шығарғандай. Міне, қазақ елімен шекараға қызметке келе жатқан Игельстромды осындай сан сауал мазалағаны рас. Ой құшағында қалған кейіпкердің монологу мен патшайымға жасаған ұсыныстарының өзі оның бейнесін толықтыруға қызмет етеді.

Сырымның орыс хуторларын шабуының да өзіндік себептері бар секілді. Құжаттарға қарап отырса, казак-орыстардың қазақ ауылдарына тыныштық бермегені сайрап тұр. Аңыз-әңгімелердегідей емес романда әрбір оқиғаның астарына үңіліп, оның себеп-салдарына әлеуметтік талдау жасау басым. 1785 жылғы ақпан айының басында Санкт-Петербургтегі Әскери Коллегия Президенті генерал-фельдмаршал Потемкиннен келген бұйрықты жүзеге асыру барысындағы оқиғаға назар аударып көрелік. Орынбор мен Оралдағы казак әскерлерінің құрамында башқұрттардың көптеп болғаны белгілі. Діні жағынан келгенде олар мұсылман халқы болғандықтан қазаққа жақын. Алайда қазақтарды шабу оларға да оңай емес. Жазушы мұсылман бауырлардың осы сәттегі көңіл күйлері мен жан тебіреністеріне мешіттің азаншысы Шәпи молданың ықпалы болғандығын назарда ұстауға тырысқан. Жұма намазға жиналғандарға намаздан кейін айтылған уағыздың өзі-ақ сол жерге жиналғандардың ертеңгі жоспарына күдікпен қарағандығын растайды.

Осы сәтті жазушы былай сипаттайды: «Самсаған сары қолдан жаны шошып, шын торыққан Шәпи сол күні тебірене толқи тұрып, Жаратқан Иемізге жаман қатты жалбарынып еді. Кім біледі, мыңның тілегі емес, бірдің... бір ғана соның тілегі қабыл болды ма... Әйтеуір, Електің жоғарғы жағындағы қазақ ауылдарын шабамыз деп, мұздай қаруланған екі жүз елудей казак-орысты басшы етіп, оған екі мың жарымға жуық башқұртты қоса ертіп, сондарынан екі ауыр зеңбірек сүйретіп, 1785 жылдың 17 ақпанында Орынбордан шыққан осынау отряд, – майор Смирнов бастаған қарулы қол, – қаладан едәуір ұзап шыққан соң айдалада ақ түтек боранға ұрынып, әлденеше күн адасып, бірталай адамдары мен ат-көліктерінен айырылып, өз-өздерінен азып-тозып, ақыры жарты ай шамасында шаһарға әрең қайта оралған» [2]. Құран-кәрімнің сүрелерінде «Алланың жәбірленуші жағында» екендігі баса айтылады. Осы қағидаға сүйенетін болсақ, басқыншылардың қазақтардың жеріне қол салуын Алла тағаланың өзі де қолдамай тұрғандай әсер береді. Ақ түтек боранға ұрынған әскердің аш-жалаңаш күйде қалаға тоз-тозы шығып келуі біріншіден, олардың бөтен жердің климатын білмейтіндігі болса, екіншіден, жат жердің тасы мен суы да жаттық жасайтындығы. Олай болса, сырттан келгендердің жергілікті халыққа тізе батыруының өзі – отаршылдықтың белгілері.

Отаршылдықтың осындай көрінісінің бірі – ақпанның 17 жұлдызындағы Теке казак-орыстарының шабуылы. Сарайшық қамалынан аттанған Колпаков пен Пономарев отряды Құр Ойыл бойындағы Қаракөл мен Қарабаудағы Беріштер мен Адайлардың ауылына шабуыл жасайды. Алаңсыз отырған қазақ ауылдарын шапқан шапқыншылар 102 адамды тұтқындап, 2955 жылқы мен 83 түйені Орал қаласына айдап кете барады. Алаңсыз жатқан бейбіт халықтың тыныштығын бұзғандарымен тұрмай, оларға экономикалық шығын келтіріп жатқандардың патша ағзамның қарамағындағы әскери қызметкерлер екендігін есімізге алатын болсақ, осының өзі жергілікті халықтың наразылығын арттырып, теке-тіресті ушықтыруға себеп болып тұрғаны белгілі.

Донсковтың жас офицер Петр Назаровқа берген тапсырмасы әскери бұйрық болғандықтан оның орындалатыны даусыз. Алайда казактардан барымталаған олжаның тең жартысы ғана өзіне тиесілі екенін ұққан жас офицердің казактарды аяусыз шабатыны тағы да белгілі. Қулығына құрық бойламайтын зымиян офицердің түнделетіп казактардың ақсақ-тоқсақ, арық-тұрық аттарын жайылып жүрген қазақ жылқыларына қосып жіберуі оқиғаны ширықтыра түседі. Волгаға дейін орналасқан орыс хуторларын шапқан Әжібек пен Жиенбет тәрізді табын руының жылқысын айдап әкетуді көздеген Назаров Айшуақ сұлтанның жылқысына тап болғанын ол кезде білген жоқ еді. Шайқаста Айшуақ сұлтанның баласы Апақтың қазақ болуы казак-орыстар мен казактар арасындағы шиелісті ушықтыра түседі. Жазушы ел арасындағы оқиғаларды осындай нақты оқиғаларға қатысқан тарихи кейіпкерлердің өмірі арқылы тиянақтап отырған.

Романдағы кейіпкерлер жүйесі жөнінде Ш.Елеуенов былай дейді: «Қажығали романында негізгі үш тұлға айырықша бой көрсетеді. Біріншісі – Ұлы мәртебелі II Екатерина патшайым. Екіншісі – құрылғанына екі жылдай ғана болған Уфа және Симбирск әкімшілік аймағының әкімі яки генерал-губернаторы, генерал-поручик Осип Андреевич Игельстром. Үшінші тұлға – қазақтың атақты биі әрі батыры – Сырым Датов. Үшеуінің де кемесі – тарих айдынында ұлтаралық қатынастардың заманынан озық рейдін жасағанымен ел есінде қалған» [6]. Себебі бұл кейіпкерлердің барлығы да өмірде болған, қазақ халқының тарихына қатысты негізгі оқиғаларға тікелей араласқан тарихи тұлғалар.

Үшінші тарауға негіз болған оқиға казактардың жеңілісімен аяқталған. Жас офицер Назаров бастаған казак-орыс әскерлерінің шекара сызығына жақын жерде жайылып жүрген ханның жылқысын айдап алып кетуі, Айшуаққа берген Орынбор шекаралық экспедициясының рұқсат қағазын Назаровтың жыртып тастауы, онымен де қоймай баласы өлген Айшуақты тұтқындап алып кетуі хан-сұлтандардың ғана емес, исі қазақтың мойнына қасірет бұғауын мықтап салғандығының белгісі ретінде суреттелген.

Төртінші тарау генерал-поручик Игельстромның келген бойда іске қызу кірісуімен басталады. Уфа және Сіңбір аймағының жаңадан тағайындалған наместнигін Петербордан шыққан ұзақ жолда мазалаған ой – шекара бойындағы ахуалдың асқынып кетпеуі. Жазушы үш қабатты тас үйдің ішінде өтіп жатқан алқалы кеңестер мен сол жерде талқыланған мәселелер арқылы генерал-майор Александр Александрович Пеутлингтің кім екендігінен, ой-мақсаттарынан хабар береді. Жаңа келген басшыға ел ішінің жағдайын, әсіресе соңғы уақытта бірнеше жерде өршіген шабуылдарды жасырып қалуы оның екіжүзділігін ғана емес, ақ патшаның сенімді өкілдерінің жасап жатқан екіжүзді әрекеттерінің көрінісі еді. Іздеушісі де, сұраушысы да жоқ ақ патшаның қол астына бағынған ұсақ ұлттарға жасалған шабуыл Ресей империясына деген көзқарасты өзгертетінін олар ол кезде ойлағысы да келмеді. Алайда Сырым бастаған қолдың Рештейнер мен Овчинниковтың отрядын баса жаншып, 21 казак пен 40 башқұртты тұтқынға алуы, Таналық қамалын босатуы жауырды жаба тоқуға келмейтіндігін байқатты. Шекара экспедициясының бастығы генерал-майор Зенбулатовтың хаты Пеутлингтің құпия шабуылдарын әшкерелей түсті.

Намазтауда ата-баба рухына Құран-кәрім бағыштап, жау қолындағы Таналықты босатуға аттанған Сырым батырдың қолы күн санап көбейе түседі. Бұл кезде исі қазақ бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. Қолға қол, батырға батыр қосылғанын жазушы былай суреттейді: «Аламанның мынадай көңіл ауғанына көзі қуанған қолбасы Сырым, соңына мың-мыңнан сарбаз ертіп келген серіктері – батыр Барақ пен Тіленшіге; Шектінің қызу қанды жас батыры Көтібарға; Тіленшімен бірге Елек бойынан кеп қосылған Таманың ел ағалары, ағайынды Қадыр мен Садырға; сондай-ақ өзінің Байбақтылары мен Сұлтансиықтың жалпы жұртқа белгілі басты-басты кісілеріне де ендігі істің жай-жағдайын осы жерде тағы бір пысықтады» [5; 252].

Орынбор мен Текеден аттанған атты казак әскерін ел үстіне жібермей, маң далада майдандасуды көздеген Сырымның соғыс тактикасын еркін меңгергені оның соғыс стратегі екенін айшықтай түссе, Жайық шебіндегі қамалдарға емес, «ит арқасы қияндағы» Иректіге келуінің басты себебі – туған жердің ойы мен қырын алақандағыдай білетіндігіне мысал. Жайықтың жоғары жағына



жесір алу қамымен келген олар қолға түскен тұтқындарын өз адамдарына айырбастамақ. Олардың ішінде, әрине, жазықсыз, қапыда кеткен Айшуақ сұлтан да бар.

Сырымның ұрыс заңын меңгергендігі жауды қамалда отырғанда ала алмайтындығын біліп, оларды қалай да далаға шығарудың жолын қарастыруы. Көктен сұрағандары жерден табылып, тұтқындарын босатпақ болып қамалдан өздері шыққан әскер мен Сырым батырдың қолы кескілескен ұрыс салады. Сырымның соғыс тактикасын меңгергеніне соғыс тәсілдерін әп-сәтте өзгертуі негіз болады.

Осы оқиға жөнінде Г.Орда: «Таналық секілді мықты қамалының тал-түсте шабылуы Уфа мен Сімбір әкімшілік аймағын аяқ астынан аяғынан тік тұрғызды. Губернатордың қабылханасында бас қосқан шұғыл жиынның негізгі мәселесі де осы Таналық қамалының шабылуы еді. Игельстром жиналғандардың пікірлерін мұқият тыңдау арқылы істің ақ-қарасын шешу үшін мәселені бейбіт түрде келісіммен шешуге бел буды. Барып кел, шауып келдің күні өткенін ол қарамағындағыларға Императрицаның сөздері арқылы түсіндірді. Әскери атаман Акутин, премьер-майор Донсков тәрізді қызметкерлердің пікірін тыңдау арқылы қазақтардың ішінде генерал Суворовтың өзі мойындаған Сырым батыр сынды батырлары бар екені, олардың кезінде Пугачев көтерілісіне қатысқаны жөнінде мәлімет алады. Қарымта қайтару үшін қатаң жазалауға болмайтынын түсінген Игельстром екі жаққа бірдей бейбіт келісім жасау керектігіне тоқталады» [7; 82] - деген болатын. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, Императрицаның өзіне деген үлкен сеніміне аса қошеметпен қараған Игельстром бұл мәселені де мұқият шешу керектігін түсінеді.

Жергілікті халықпен тілбабысу үшін олардың өздеріне сенімді өкілдерімен келісімге келу керектігін пайымдаған Игельстром Шекара істері жөніндегі экспедицияда істейтін титулярный советник Нұрмұханбет Әбдіжәлеловті (Нұралының күйеу баласы), Айырбас Сарайдың делдалы Шүкірәліні, мешіттің молдасы Шәпиді қабылдап, олардың ұсыныс-тілектерін қабылдайды. Жергіліктің ұлттардың өкілі ретінде келген кісілердің әрқайсысына мұқият қырағылықпен қараған басшы сол өкілдер арқылы қазақ деген халықтың ел айтып жүргендей көшпелі, жабайы халық емес екендігін түсінеді.

Оны жазушы былай сипаттайды: «Риза болғаны – осы уақытқа дейін төңірегіндегілер: «тағы», «жартылай жабайы», «бұлармен сөйлескеннен гөрі, азулы жыртқыштың өзімен аңдысып-арбасқан әлдеқайда жеңіл» деп, әбден түңілдіріп тастаған мына қырғыз-қайсақтар, қарап отырса, әлгіндей сөздерді айтып жүргендердің өзінен әлдеқайда әдепті де сыпайы; үлкенді – үлкен, кішіні – кіші деп орнымен сыйлай білетін жұрт екенін өз көзімен көріп, бұл елді мүлде басқа жағынан танығаны бір болса; оның үстіне бұлардың аса маңызды шаруаларға да атүсті қарамайтын, әр нәрсені артқы жауапкершілігі мен ұятын ойлайтын арлы халық екендігіне сүйсінгендігі де бар еді» [2; 331].

Жазушы осы оқиға үстінде кеңестік дәуір тұсында көп айтылған «тағы», «жартылай жабайы» деген сөздерді белгілі мақсатпен тырнақшаға алып отыр. Осы сөздер арқылы қазақ халқының ұлылығын мойындамай келген отаршыл империяның ішінде де көзі қарақты жандардың болғандығы қуантады. Жазушы Игельстромның көзқарасын жеке адамның емес, патшалық империяның қазаққа деген көзқарасының өзгеруі ретінде алған.

Қорыта келгенде, романда Жайық казак-орыстары мен башқұрттар Еділ қалмақтарының талауына түсіп, Нұралы ханның тығырыққа тірелгені, Патшалық Ресейге бағынып, оның отарына айналған қазақ халқының тар кезеңге тап болғаны тарихи негізде нанымды суреттелген.

Сырым батырдың елі мен жері үшін өз басын өр өлімге тіккенін, белін шешіп аттан түспегенін, ақ патша мен ханға елінің сөзін сөйлегені үшін жақпағанын тарихи құжаттар растайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сырым батыр Датұлы. Орал, 1992.
2. Мұханбетқалиұлы Қ.. Тар кезең. Тарихи роман. Алматы. «Мереке» баспаасы. 2012.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы. «Санат». 1966.
4. Орда Г. Қазіргі қазақ романындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім // Жұлдыз. – 2016. – №8. – Б.159-170.
5. Тар кезең тағылымы (Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы туралы) // Егемен Қазақстан. – 3 қыркүйек, 2014.
6. Елеуенов Ш. Шығармалары. I Т. Тәуелсіздік көзімен. – Астана: Фолиант, 2011. – 536 б.
7. Мұқтар Ә.Қ. Нұралы хан және Сырым батыр. Тарих. Тағдыр. Тұлғалар. Қостанай, 2011.

ОБРАЗ НАЦИОНАЛЬНОГО ГЕРОЯ В РОМАНЕ К.МУХАНБЕТКАЛИУЛЫ  
«ТАР КЕЗЕҢ»

*А.Е. Айтбаева<sup>1</sup>, Б. Кожжекеева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>доцент

<sup>2</sup> к.филол. н., ассоциированный профессор,

<sup>1</sup>Кзылординский государственный университет им.Коркыт ата, Кзылорда, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

email: Bekzada61.2018@gmail.com

В статье рассматриваются исторические события из жизни казахского народа, проживавшего вдоль рек Елек и Яик в XVIII веке, которые нашли отражение в романе К.Муханбеткалиулы «Тар кезең». Писателем создан яркий образ Сырым Батыра, возглавившего освободительное движение. Исторически казахский народ в условиях российского колониального режима переживал тяжелый период. В статье анализируются героические подвиги Сырым Батыра, воспетые благодаря мастерству писателя. Тот факт, что казахский народ не был диким, малочисленным народом, иллюстрируется свидетельствами представителей других народов, описанных в романе.

**Ключевые слова:** царская империя, народ, писатель, степная цивилизация, воин, казах

THE IMAGE OF A NATIONAL HERO IN THE NOVEL BY K. MUKHANBETKALI "TAR KEZEN"

*A.E. Aytbayeva<sup>1</sup>, B. Kozhekeyeva<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> associate professor

<sup>2</sup> Cand. Sci. (Philology), associate professor,

<sup>1</sup>Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

<sup>2</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

email: Bekzada61.2018@gmail.com

The article discusses historical events in the life of the Kazakh people, who lived along the rivers of Elek and the Yaik in the XVIII century, which are reflected in the novel by K. Mukhanbetkaliy "Tar kezen". The writer created a vivid image of Syrym Batyr, who led the liberation movement. Historically, the Kazakh people in the conditions of the Russian colonial regime experienced a difficult period. The article analyzes the heroic deeds of Syrym Batyr, sung thanks to the skill of the writer. The fact that the Kazakh people were not a wild, small people is illustrated by the testimonies of representatives of other peoples described in the novel.

**Key words:** Tsarist empire, people, writer, steppe civilization, warrior, Kazakh

Редакцияға 12.02.2019 қабылданды.